

## БҰЙРЫҚ

30.04.2026ж

Түркістан қаласы

## ПРИКАЗ

№ 149-р.к.16

город Туркестан

### Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 11-бабына, «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Профессор-оқытушылар құрамын аттестаттау туралы ережесіне, Ғылыми Кеңестің 29.04.2026ж. №9 хаттамасына сондай-ақ Жарғының 14-бабы 86-тармағының 13) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Халықаралық туризм және меймандостық университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 19.06.2025ж. №236-ж/қ санды «Профессор-оқытушы құрамының еңбек шарт мерзімдерін ұзарту туралы» бұйрығымен 2 және 3 жылға ұзартылған оқытушылардан басқа барлық Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамы (Осы бұйрықтың №1 қосымшасындағы тізім бойынша) ағымдағы жылдың маусым айында аттестаттаудан өткізілсін.

2. Аттестаттау комиссияның құрамы жаңа редакцияда бекітілсін.

3. Ережеде бекітілген жауапты бөлім басшылары мен мектеп директорлары аттестаттаудан он күн бұрын ПОҚ құжаттарын комиссия мүшелерінің қарауына тапсырсын (Жауапты: Академиялық даму бөлімі, Тіркеу кеңсесі, Құзіреттілік, мансап және жұмысқа орналастыру бөлімі, Ғылыми зерттеу орталығы, Әлеуметтік-мәдени даму бөлімі, Мектеп директорлары).

4. Мектеп директорлары мен профессор-оқытушылар құрамы алдағы аттестаттау туралы хабардар етілсін (Жауапты: Әкімшілік бөлімі, Мектеп директорлары).

5. Аттестаттауды өткізуге Әкімшілік бөлімі жауапты болып бекітілсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Академиялық және ғылыми істер жөніндегі вице-ректор Л.Шалабаеваға жүктелсін.

Негіздеме: Аппарат басшысы Т.Искаковтың қызметтік хаты.

Басқарма төрағасы-  
Ректор м.а.

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ МЕЙМАНДОСТЫҚ  
УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АҚ  
КОШІРМЕСІ ДҰРЫС

ӘКІМШІЛІК  
БӨЛІМІ

Л.Шалабаева